

**Еліміздегі
денсаулық сақтау саласы
әлеуметтік-экономикалық жағдайдың
мониторингі бойынша ақпарат**

2016 жылғы 9 айдың мәліметтері бойынша 100 мың адамға шаққанда туберкулезбен сырқаттанушылар республика бойынша 8,2%-ды құрады, 2016 жылғы ұқсас кезеңдегі 54,8-бен салыстырғанда 59,7-ды құрады. Республикалық деңгеймен салыстырғанда жоғары көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан (74,5), Ақмола (72,7), Қызылорда (66,4), Қостанай (65,6), Атырау (64,4), және Маңғыстау (59,9) облыстарында байқалады.

Туберкулезден болған өлім-жітім көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 2016 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша 5,7 %-ға түсіп, 3,3 құрады, 2015 жылғы ұқсас кезеңде 3,5-ді құрады.

Алғаш рет анықталған науқастар арасында бактерия шығаратын өкпе туберкулезі мен дәріге сақталған сезімталдығы 86,7 % (2015 жылы – 87,2%), сол сияқты көптеген дәрілермен әсер етпейтін туберкулезбен ауратын науқастар арасында 74 % (2015 жылы - 74,5) емдеу тиімділігін көрсетті.

Көптеген дәрілер әсер етпейтін туберкулезбен ауратын науқастарды туберкулезге қарсы екінші қатардағы дәрілермен емдеу 98,9% (ДДСҰ стандарты - 85 %) қамтиды.

Туберкулезбен сырқаттанушылықты төмендету бойынша Республикалық штабтың 2 отырысында республикадағы туберкулезбен күресудің өзекті проблемалары мен қабылданып жатқан шаралары тыңдалды.

- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулар мен өткір insultтерді басқару, жіті миокард инфаркты мен жарақат кезінде босандыру және балалар медициналық көмек көрсету қызметінің интеграцияланған модельдерін енгізу жөнінде үйлестіру кеңесі құрылды.
- Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулар мен өткір insultтерді басқару, жіті миокард инфаркты мен жарақат кезінде босандыру және балалар медициналық көмек көрсету қызметінің интеграцияланған модельдерін енгізу жөніндегі үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жанында тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады
- «Жіті миокард инфаркты кезінде медициналық интеграцияланған көмек көрсетудің моделін (ЖМИ)» енгізу жөніндегі Жол картасын іске асыру шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізілді.
- Кадрлық қамтамасыз етуді талдау кезінде ҚР бойынша кадрлық тапшылық (кардиологтер, функционалдық диагностика дәрігерлері) анықталды, 2014 жылдан кейін ЖОО бітіргендер мамандарды функционалдық диагностика (ЭХОКГ) бойынша қайта даярлау мүмкіндігі қарастырылуда.

- 2016 жылғы 9 айда қатерлі ісіктермен сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 2015 жылғы ұқсас кезеңдегі 199,3-пен салыстырғанда 202,2-ті құрады. Қатерлі ісіктен сырқаттанушылықтың барынша жоғары көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан (335,2), Павлодар (309,5), Қостанай (300,9), Шығыс Қазақстан (300,0), және Қарағанды (293,6), Алматы облыстарында байқалады, онкологиялық ауруларды ерте сатысында жүргізілген скрингтік тексеріп-қарау барысында анықтаулардың ұлғаюымен түсіндіріледі.

Статистика комитетінің мәліметі бойынша 2016 жылғы 8 айда республикада қатерлі ісіктерден болған өлім-жітім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 2015 жылғы ұқсас кезеңдегі 93,34-мен салыстырғанда 89,55-ті құрады. Осы көрсеткіштің ең жоғары деңгейі Павлодар (143,33), Солтүстік Қазақстан (134,60), Шығыс Қазақстан (133,43), және Ақмола (121,07) облыстарында байқалады.